Конкурстық құжаттамаға
16-қосымша

Сатып алынатың қызметтердің Техникалық ерекшелігі
(тапсырыс беруші толтырады)

Тапсырыс берушінің атауы:	"Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Талас ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Ұйымдастырушының атауы:	"Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Талас ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Конкурстың №:	№ 17894298-1
Конкурстың атауы:	Услуги по обучению персонала/сотрудников/
Лоттың нөмірі:	№ 87948925-ОК2
Лоттың атауы	Персонал/қызметкерлерді оқыту қызметі
Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы кодының атауы:	841311.000.000001
Қызметтің атауы:	Персонал/қызметкерлерді оқыту қызметі
Өлшем бірлігі:	Бір қызмет
Саны (көлемі):	1
Қосылған құн салығын есептемегенде бірлік бағасы:	17300000
Қосылған құн салығын есепке алмағанда, сатып алуға бөлінген жалпы сома:	17300000
Авиациялық техниканы сатып алуды қоспағанда, тауар жаңа, пайдаланылмаған, шығарылған жылы шарт жасалған күнге дейін (үш жылға дейін) ерте болмауға тиіс:	
Қызмет көрсету мерзімі	келісім шарт бойынша
Аванстық төлем мөлшері:	0
Кепілдік мерзімі (айлармен)	12

Талап етілетін сипаттамалардың, параметрлердің және өзге де бастапқы деректердің сипаттамасы	Интерактивті платформа мен фунционалдық сауаттылық тренажерлерін ұсыну арқылы педагогтердің цифрлық құзыреттіліктері мен функционалдық сауаттылығын арттыру бойынша біліктілікті арттыру қызметтерінің ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР 1.1 Жобаның сипаттамасы 1. Кешенді жоба оқыту тәжірибесін өзгерту және әрбір педагог пен білім алушының өзін-өзі жүзеге асыруы үшін ынталандыратын білім беру ортасын құруға жәрдемдесу арқылы білім беру сапасын арттыру мақсатында іске асырылады. 2. Педагогтерді оқыту оқыту тәжірибесін жекелендірілген оқыту платформасын қолдана отырып өзгертуге техникалық және әдістемелік дайындықты қамтамасыз етуі тиіс. 3. Цифрлық контенттің әртүрлі түрлерінен (анимациялық роликтер, симуляторлар, интерактивті тапсырмалар) тұратын, екі тілде (қазақ, орыс) математика, алгебра, геометрия, физика, химия, биология, ағылшын тілі, география, қазақ тілі пәндері бойынша интерактивті сабақтарды және функционалдық сауаттылықты дамыту тренажерлерін қамтитын интерактивті контентті жекелендірілген оқыту платформасына қосу. 4. Жекелендірілген оқыту платформасы келесі міндетті құрамдастарды қамтуы тиіс: жаңа форматтағы ҰБТ тренажері (Admission Insight Test) немесе ұқсас функционалдығы бар тренажер; PISA (ЭЫДҰ) халықаралық зерттеуінің әдіснамасы бойынша әзірленген білім алушылардың ЖИ- және медиасауаттылығын бағалау тренажері; білім алушылардың оқу жетістіктерін мониторингілеу тренажері (МОДО); педагогтердің білімін бағалау (ПББ) диагностикалық тестілері; ҚМЖ, БЖБ, ТЖБ, тестілер және презентацияларды автоматты түрде қалыптастыруға арналған мұғалімнің ЖИ-көмекшісі; цифрлық білім беру ресурстары (ЦБР) – пәндер бойынша интерактивті сабақтар; функционалдық сауаттылықты дамыту тренажері; ЖИ-сауаттылық бойынша сабақтар сериясы; педагогтердің біліктілігін арттыру курстары. 5. Платформаның барлық құрамдастарына қол жеткізу Талас ауданының барлық орта білім беру ұйымдарына, осы ұйымдардың барлық педагогтері мен білім алушыларына шарт жасалған күннен бастап 12 (он екі) ай мерзімге беріледі. 6. Жобаның бенефициарлары – Талас ауданының жалпы білім беретін мектептерінің басшылары мен педагогтері. 7. Орындаушы кешенді жобаны іске асыру кезінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 30 қарашадағы № 963 қаулысымен бекітілген «Жайлы мектеп» білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобасында, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі № 294 бұйрығымен бекітілген жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарындағы «Біртұтас тәрбие бағдарламасында» қойылған мақсаттар мен міндеттерді басшылыққа алады және «Әрқайсысына қолжетімді сапалы білім» Ұлттық баяндамасының жобасына сәйкес даму бағыттарын кіріктіреді. 1.2 Жобаның мақсаты мен міндеттері Жобаның мақсаты: жаңа ынталандыратын білім беру ортасын құру

	және білім беру сапасын арттыру үшін орта білім беру ұйымдарының педагогикалық ұжымдарының кәсіби құзыреттіліктерін дамыту. Жобаның міндеттері: - білім беру сапасын арттыру үшін жаңа білім беру тәжірибесін жобалауға жәрдемдесу; - педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту және интерактивті анимациялық контент пен функционалдық сауаттылықты дамыту және бағалау тренажерлері бар жекелендірілген оқыту платформаларын енгізу есебінен оқыту тәжірибесінің өзгеруін ынталандыру; - білім беру сапасын арттыру және оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту; - педагогтердің кәсіби деңгейі мен құзыреттіліктері негізгі рөл ойнайтын PISA халықаралық салыстырмалы зерттеулеріндегі позицияларды нығайту. 1.3 Орындаушыға/Қызметке қойылатын негізгі талаптар - Қызмет ауданның барлық орта білім беру ұйымдарын интерактивті контентті жекелендірілген оқыту платформасына қосуды қамтиды. - Қызмет Платформаның барлық құрамдастарына ауданның барлық орта білім беру ұйымдары, педагогтері мен білім алушылары үшін шарт жасалған күннен бастап 12 (он екі) ай мерзімге қол жеткізуді ұсынуды қамтиды. - Қызмет осы техникалық ерекшелікте белгіленген көлемде интерактивті цифрлық білім беру контентін (ЦБР), функционалдық сауаттылықты дамыту, МОДО, жаңа форматтағы ҰБТ, ЖИ- және медиасауаттылық тренажерлерін, ПББ диагностикалық тестілерін, мұғалімнің ЖИ-көмекшісін және ЖИ-сауаттылық бойынша сабақтар сериясын ұсынуды қамтиды. - Қызмет көрсету басталғанға дейін Тапсырыс берушіге Платформаға сынама қол жеткізуді ұсынуды қамтиды. - Қызмет Платформаның қолданылу мерзімі ішінде оның пайдаланушыларына әдістемелік және техникалық қолдау көрсетуді қамтиды: пайдаланушыларды тіркеу, сұрау бойынша консультациялар, Платформаның функционалдық мүмкіндіктері және оқу процесінде цифрлық контентті пайдалану бойынша нұсқамалар мен оқыту сессияларын (онлайн және офлайн) өткізу. Ілеспе іс-шаралардың тізбесі мен кестесі Тапсырыс берушімен келісіледі. - Қызмет білім беру бөліміне (басқармасына) білім беру ұйымдары, пәндер және сыныптар бөлінісінде білім алушылардың оқу жетістіктері мен педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерінің деңгейі бойынша тұрақты аналитиканы ұсынуды қамтиды. - Қызмет ауданның білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерін осы техникалық ерекшеліктің талаптарына сәйкес білім берудегі жасанды интеллект технологияларын қолдану мәселелері бойынша бір күндік күндізгі білім беру фестиваліне жіберуді қамтиды. 1.4 Қызмет көрсету орны Қызмет көрсету орны: Жамбыл облысы, Талас ауданы. 1.5 Платформаның қолданылу мерзімі: шарт жасалған күннен бастап 12 ай 2. ПЕДАГОГТЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ 2.1 Қызмет оқыту платформасы мен цифрлық білім беру контентін қолдана отырып қашықтықтан және күндізгі форматтарда цифрлық құзыреттіліктер мен функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған бекітілген білім беру бағдарламалары бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыруды және өткізуді қамтиды. Оқыту тыңдаушының таңдауы бойынша қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі.

	2.2 Біліктілікті арттыру курстарына қол жеткізу Платформаға қосылған барлық орта білім беру ұйымдарының педагогтеріне беріледі. Тыңдаушылардың тізімін Тапсырыс беруші Орындаушымен келісілген форма бойынша қалыптастырады. 2.3 Қызметті іске асыру шеңберінде келесі бағдарламалық бағыттар бойынша оқыту жүргізіледі: 1. Педагогтер үшін «Заманауи мектептің оқу процесінде цифрлық білім беру контентін пайдалану» біліктілікті арттыру бағдарламасы, онлайн форматта, 36 сағаттан кем емес 2. Педагогтер үшін «Цифрлық білім беру контентін пайдалана отырып араласқан оқыту технологияларын іске асыру» біліктілікті арттыру бағдарламасы, онлайн форматта, 36 сағаттан кем емес 3. Педагогтер үшін «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту» біліктілікті арттыру бағдарламасы, онлайн форматта, 36 сағаттан кем емес 2.4 Курстар асинхронды және синхронды режимдерде оқытуды, тапсырмаларға, материалдарға, бейнесабақтарға, форумдарға қол жеткізуді және тьюторлар мен тренерлерден кері байланысты қамтамасыз ететін интерактивті платформаны пайдалана отырып өткізіледі. 2.5 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығымен бекітілген (өзгерістер және толықтырулармен) Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидаларына сәйкес оқытуға білікті тренерлер және/немесе педагогтер тартылады. 3. ПЕДАГОГ ҮШІН ҚҰРАЛ РЕТІНДЕГІ ИНТЕРАКТИВТІ КОНТЕНТТІ ЖЕКЕЛЕНДІРІЛГЕН ОҚЫТУ ПЛАТФОРМАСЫ Интерактивті контентті жекелендірілген оқыту платформасы келесілерді қамтуы тиіс: - Симуляторлар мен интерактивті тапсырмалардан тұратын, екі тілде (қазақ, орыс) келесі пәндер бойынша цифрлық сабақтар: математика, алгебра, геометрия, физика, химия, биология, ағылшын тілі, география, қазақ тілі; - функционалдық сауаттылықты дамыту тренажері; - PISA, МОДО және ҰБТ бойынша диагностикалық тренажер, оның ішінде жаңа форматтағы ҰБТ (Admission Insight Test) немесе ұқсас функционалдығы бар тренажер; - педагогтердің білімін бағалау тренажері (ПББ); - мұғалімнің ЖИ-көмекшісі (ҚМЖ, БЖБ/ТЖБ, тестілер мен презентацияларды қалыптастыру); - педагогтердің біліктілігін арттыру курстары электрондық форматта; - білім беру бөліміне (басқармасына) арналған аналитика; - пайдаланушыларға әдістемелік қолдау; - пайдаланушыларға техникалық қолдау. 3.1. Платформаның негізгі функциялары Платформа әртүрлі рөлдердің (пайдаланушы топтарының) болуын қолдауы және әртүрлі пайдаланушы топтары үшін тиісті функционалдық мүмкіндіктерді ұсынуы тиіс. Платформа келесі пайдаланушы топтарын қолдауы тиіс: - «Мұғалім»; - «Оқушы»; - «Мектеп әкімшісі». «Мұғалім» рөлдік тобында тіркелген пайдаланушыларға келесі мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін негізгі функциялар қолжетімді болуы тиіс: - оқушыға, топқа және сыныпқа үй тапсырмасын тағайындау; - сыныптар тізімі негізінде оқушылар топтарын дербес қалыптастыру; - үй тапсырмасының орындалу мерзімін таңдау; - орындалған тапсырмалар бойынша оқушылардың статистикасын қарау; -

	тағайындалған сабақтар бойынша статистиканы экспорттау; - оқушылар топтарын қосу және жою; - сыныптарды «Таңдаулыларға» қосу; - оқушыға Платформаға қол жеткізу үшін кодты басып шығару; - «Профиль» бөлімінде деректерді өзгерту; - сабақтың атауы бойынша іздеуді жүзеге асыру; - сабақтарды сыныптар мен пәндер бойынша сүзгілеу; - сабақ құрамдастарын жою арқылы бар сабақтар негізінде өз сабағын құрастыру; - мұғалімнің ЖИ-көмекшісінің көмегімен қысқа мерзімді сабақ жоспарларын (ҚМЖ), БЖБ/ТЖБ тапсырмаларын, тестілер мен презентацияларды қалыптастыру; - ПББ тренажерінен дербес өту; - жеке кабинетте біліктілікті арттыру курстарынан өту - оқытудың фронтальды формасында сабақ құрамдастарын көрсету. «Оқушы» рөлдік тобында тіркелген пайдаланушыларға келесі мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін негізгі функциялар қолжетімді болуы тиіс: - үй тапсырмасын орындау; - орындалған тапсырмалар бойынша статистиканы қарау; - Платформадағы барлық сабақтарға және виртуалды тренажерларға (симуляторларға) қол жеткізу; - «Профиль» бөлімінде деректерді өзгерту; - сабақтың атауы бойынша іздеуді жүзеге асыру. «Мектеп әкімшісі» рөлдік тобында тіркелген пайдаланушыларға келесі мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін негізгі функциялар қолжетімді болуы тиіс: - мұғалімді қосу, жою және өзгерту; - оқушыны қосу, жою және өзгерту; - сыныптарды құру, жою және өзгерту; - мектептен жауапты адам рөлін мұғалім рөліне өзгерту; - оқушыға кодты басып шығару; - «Профиль» бөлімінде деректерді өзгерту; - педагогтердің біліктілікті арттыру курстарынан өтуі туралы статистиканы қарау; - мектеп бойынша есептерді Excel және PDF форматтарында жүктеп алу - мектепте Платформаның пайдаланылуы туралы статистиканы қарау. 3.2. Платформаның ішкі жүйесі шеңберіндегі функциялар Пайдаланушы топтарына Платформаның ішкі жүйелері шеңберінде келесі функциялар қолжетімді болуы тиіс: - «Контентті іздеу»; - «Контентті ойнату»; - «Сабақ өткізу» (оның ішінде презентация режимінде); - «Статистика және аналитика»; - «Деректерді сақтау»; - «Функционалдық сауаттылық тренажері»; - «ЖИ- және медиасауаттылық тренажері»; - «МОДО тренажері»; - «ҰБТ тренажері»; - «Жиынтық бағалау тренажері»; - «ПББ тренажері»; - «Мұғалімнің ЖИкөмекшісі»; - «Біліктілікті арттыру курстары»; - «Аналитика». «Контентті іздеу» функциясы Осы функция Платформа базасында контентке іздеу сұрауларын қалыптастыру және табылған нәтижелерді келесі рөлдік топтарда тіркелген пайдаланушыларға көрсету мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс: - «Мұғалім»; - «Оқушы». Осы функция контентті келесі ең төменгі өлшемдер мен сұраулар жиынтығы бойынша іздеу мүмкіндігін ұсынуы тиіс: - іздеу тіркесі бойынша (толықмәтінді іздеу); - пәндік-тақырыптық каталогтар бойынша, атап айтқанда: пәндер бойынша, сыныптар бойынша. Платформа сондай-ақ табылған контентті ойнатуға (көрсетуге) жылдам өту мүмкіндігін қолдауы тиіс. «Контентті ойнату» функциясы Контентті жеткізу Осы функция Платформа серверлерінен Интернет-қосылым арқылы қолжетімді контентті келесі рөлдік топтарда тіркелген пайдаланушылардың

	құрылғыларына жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс: - «Мұғалім»; - «Оқушы». Жеткізілетін контент үшін шығарма алгоритмдерімен рұқсат етілмеген қол жеткізуден қорғау қамтамасыз етілуі тиіс. Контентті ойнату Осы функция Платформада сақталатын контентті келесі рөлдік топтарда тіркелген пайдаланушыларға ойнату (көрсету) мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс: - «Мұғалім»; - «Оқушы». Сабақтарды ойнату Шығарма пайдаланушыға қолжетімді, әртүрлі типті контентті жүктеуді қолдайтын сабақтарды ойнату мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс: - мәтіндер; - бейнелер; - дыбыстық фрагменттер; - бейнероликтер; - интерактивті тапсырмалар; - математикалық және химиялық формулалар; - виртуалды тренажерлар (симуляторлар). Сабақтардың интерфейсі Сабақтардың интерфейсі құралдардың келесі жиынтығын қамтуы тиіс: - қайту, сабақ таңдау бетіне өту түймесінің болуы; - сабақты «Тізім» режимінде немесе «Слайдтар» режимінде қарау мүмкіндігі; - сабақтың «Сыныпта» және «Үйде» бөлімдерін қарау мүмкіндігі; - сабақтың кез келген тапсырмалары арасында ауысу мүмкіндігі; - бір экранға сыймайтын ақпаратты айналдыру мүмкіндігі; - қаріпті үлкейту және кішірейту мүмкіндігі; - толық экран режимінде қарау мүмкіндігі. Сабақтар интерфейсіндегі мәтіндерге қойылатын талаптар - контрастты мәтін; - қаріп өлшемі — 12-ден кем емес. Сабақтар интерфейсіндегі бейнелерге қойылатын талаптар - рұқсат етілген форматтар: JPEG, JPG, PNG, SVG, GIF; - бір файлдың өлшемі — 100 Mb-дан аспайды. Сабақтар интерфейсіндегі дыбыстық фрагменттерге қойылатын талаптар - рұқсат етілген форматтар: MP3, WAV; - бір файлдың өлшемі — 100 Mb-дан аспайды; - дыбыстық сүйемелдеудің сапасы — 64 kbps-тан кем емес; - бөгде дыбыстық шулар болмайды. Сабақтар интерфейсіндегі бейнероликтерге қойылатын талаптар - дыбыстық сүйемелдеудің сапасы — 64 kbps-тан кем емес; - рұқсат етілген формат: MP4 (немесе эквивалент); - бейнежазбаның ұзақтығы — 6 минуттан аспайды; - бейненің диктор мәтініне сәйкестігі; - ойнатылатын бейненің жиілігі — секундына 24 кадрдан кем емес; - бөгде дыбыстық шулар болмайды; - әрбір мультимедиялық файл келесі түймелерді қамтитын уақыт шкаласын айналдырумен жабдықталған: старт, пауза, айналдыру, толық экран режимі, режим «суреттегі сурет», сондай-ақ дыбыс күшейткішін реттеуішпен. Сабақ интерфейсіндегі математикалық және химиялық формулаларға қойылатын талаптар - формулалар LaTeX (KaTeX) немесе балама форматта компьютерлік беттеу жүйесінің синтаксисін пайдалана отырып жазылуы және ғылыми ортада қабылданған жазылымды қайталауы тиіс; - формула мазмұнының дұрыс көрсетілуі үшін қажетті барлық арнайы таңбалардың көрсетілуін қолдауы тиіс. Сабақ интерфейсіндегі виртуалды тренажерларға (симуляторларға) қойылатын талаптар - құбылысты немесе процесті берілген контексте оның нақты өту жағдайларын жаңғыртатын көрнекі түрде көрсетуі тиіс; - осы құбылысты немесе процесті графикалық анимация көмегімен ұсынуы тиіс; - пайдаланушымен өзара әрекеттесуді қамтамасыз етуі және пайдаланушының әрекетіне жауап ретінде өз параметрлерін өзгертуі тиіс;

	- пайдаланушымен «тінтуір» типті манипулятор арқылы басқарылатын графикалық пайдаланушы интерфейсі арқылы өзара әрекеттесуді қамтамасыз етуі тиіс. - HTML5 немесе балама формат негізінде жасалуы тиіс; - веб-бетке ендірілуі тиіс; - 3D сахналар мен объектілерді рендерлеу үшін WebGL немесе балама формат пайдаланылуы тиіс. Интерактивті тапсырмаларға қойылатын талаптар (оқушы дербес өткен кезде) - тапсырмаларға берілетін барлық нұсқаулықтар мен нұсқамалар интерфейстің жоғарғы бөлігінде орналасуы тиіс; - тапсырмалардың кері байланысы болуы тиіс: нәтижені тексеру кезінде «Дұрыс» / «Қателер бар» деген жазба түрінде реакция жүзеге асырылады; дұрыс емес жауаптар белгімен немесе түспен көрсетіледі; - тапсырманы жаңарту және оны қайта өту мүмкіндігі жүзеге асырылуы тиіс. Интерактивті тапсырмаларға қойылатын талаптар (мұғалім тағайындаған тапсырманы орындау кезінде) Тестілеу аяқталған кезде мұғалім мен оқушының жеке кабинеттерінде тест нәтижелерінің статистикасы дұрыс және дұрыс емес жауаптар санының пайыздық арақатынасы түрінде көрсетілуі тиіс. Дизайн-эргономикалық талаптар - интерфейстің біртұтастығы: жазбалар, анықтамалар жүйесі, бір типті белгішелерді (иконкаларды) және бір пән шеңберінде цифрлық контент құрамдастарының нақты танылуын қамтамасыз ететін басқа арнайы таңбаларды пайдалану; - мониторда түстік гамма мен визуалды ортаның эргономикалығы: бейненің фонға қатысты оңтайлы контрасты; түстердің тұрақты көру ассоциацияларына сәйкестігі; бір экранда толқын ұзындығы әртүрлі төрттен аспайтын түсті пайдалану және т.б.; - бейнеқатардың, бейнефрагменттердің, анимациялардың, иллюстрациялардың, графикалық және фотобейнелердің, динамикалық модельдердің, қаріптік және сызылған мәтіннің және т.б. жоғары сапасы; - дыбыстық сүйемелдеудің жоғары сапасы: кадр сыртындағы мәтіннің дикция сапасы, дыбыстық сүйемелдеу қарқынының оқушылардың жас ерекшеліктеріне және пәннің ерекшелігіне сәйкестігі, дыбыстық фонның, музыканың сапасы және т.б.; - навигацияның қолайлылығы, қарапайымдылығы, біртұтастығы және жылдамдығы: жауапқа немесе басқарушы әсерге реакция уақыты 10 секундтан аспайды; - пернетақтаны, тінтуірді, микрофонды, принтерді және басқа құрылғыларды пайдаланудың мақсаттылығы, дұрыстығы және қолайлылығы; - қаріптер мен графикалық шешімдердің оқушылардың жасына сәйкестігі: цифрлық контент қарпінің өлшемі — 12-ден кем емес. Сабақ интерфейсіндегі бағалау құралдарының формасы Интерактивті тапсырмалар келесі форматтарда ұсынылуы тиіс: - көптеген нұсқалардың ішінен бір дұрыс жауапты таңдау; - көптеген нұсқалардың ішінен бірнеше дұрыс жауапты таңдау; - нұсқаларды жүйенің графикалық интерфейсінде интерактивті сүйреу және қосу арқылы, ұсынылған нұсқалардың жұбын құруды білдіретін сәйкестендіру; - арнайы белгіленген өріске дұрыс жауапты енгізу; - ұсынылған нұсқалардың ішінен дұрыс жауапты таңдау және нұсқаны арнайы белгіленген өріске интерактивті сүйреу; - нұсқалары бар ашылатын тізімнен дұрыс жауапты таңдау; - тәртіпті белгілеу; - пайымдаудың ақиқаттығын/жалғандығын анықтау;

	- жауап нұсқаларын санаттар бойынша бөлу; - мәтіндегі сөзді белгілеу. Оқушы тағайындалған үй тапсырмасын өтуді аяқтаған кезде мұғалімде бақылау-өлшеу материалын өту статистикасының бетінде өту нәтижелері туралы ақпарат дұрыс және дұрыс емес жауаптар санының пайыздық арақатынасы түрінде немесе тұтастай алғанда бүкіл үй тапсырмасы бойынша және әрбір тапсырма бойынша жеке сандық арақатынас түрінде пайда болуы тиіс. Даралау құралдарына қойылатын талаптар Платформа үй тапсырмаларын жеке және топтық тағайындау есебінен оқытуды даралау мүмкіндігін көздеуі тиіс. «Сабақ өткізу» функциясы «Мұғалім» рөлдік тобында тіркелген пайдаланушыларға негізгі функция келесі әрекеттер жиынтығын қамтамасыз етуі тиіс: - ойнату үшін сабақты таңдау және оны іске қосу; - Платформаның ағымдағы сабағының тапсырмаларын жою есебінен сабақты өзгерту; - интерактивті тақтаны немесе проекторды басқаратын компьютерден ойнатуды басқару; - интерактивті тақтадағы материалдарды ауыстыру; - сабақты қарау және өту; - оқушыларға үй тапсырмаларын тағайындау: бүкіл сыныпқа, оқушылар тобына, жеке; - оқушылардың үй тапсырмаларын өтуі туралы статистиканы қарау. «Оқушы» рөлдік тобында тіркелген пайдаланушыларға негізгі функция келесі әрекеттер жиынтығын қамтамасыз етуі тиіс: - Платформада орналастырылған, үй тапсырмасы ретінде тағайындалған сабақтарды білім беру нәтижесін тіркей отырып қарау және өту; - «Сыныпта» бөлімінде орналастырылған тапсырмаларды қарау және орындау мүмкіндігімен сабақтардың бүкіл базасына қол жеткізу; - үй тапсырмаларын өту статистикасын қарау. «Статистика және аналитика» функциясы Функциялар Платформада «Мұғалім» және «Оқушы» рөлдік топтарында тіркелген пайдаланушыларға Платформаны пайдалану бойынша статистикалық және аналитикалық деректерді алу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс. «Мұғалім» рөлі үшін есеп келесі ақпаратты қамтуы тиіс: - барлық оқушылар үшін үй тапсырмасы ретінде тағайындалған интерактивті сабақтарды өту нәтижелері туралы есеп, оқушының жеке нәтижелерін де, топтық және сыныптық нәтижелерді де қарау мүмкіндігімен. «Оқушы» рөлі үшін есеп келесі ақпаратты қамтуы тиіс: - оқушының барлық үй тапсырмаларын өту нәтижелері туралы есеп. «Деректерді сақтау» функциясы Функциялар пайдаланушыларға Платформаның сақтау ішкі жүйесінен пайдалану үшін қажетті деректерді алу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс. «Функционалдық сауаттылық тренажері» функциясы Функционалдық сауаттылықты дамыту тренажері келесі мүмкіндіктерге жауап беруі тиіс: - оқушыларға тапсырмаларды тағайындау; - тапсырмаларды орындау үшін шектеулі уақытты көрсету; - сыныптарды қосу және жою; - тренажерге кез келген құрылғыдан қол жеткізу (дербес компьютер, ноутбук); - қажет болатын тапсырмаларда автоматты тексеру; - алдын ала белгіленген өлшемдер бойынша мұғалімнің қолмен тексеруі; - тағайындалған үй тапсырмасына сілтемені көшіру; - қажетті модульдің атауы бойынша іздеу; - модульдерді функционалдық сауаттылық түрі бойынша сүзгілеу; - тапсырмалардың сипаттамаларымен (бағалаудың мазмұндық және құзыреттілік саласы)

	алдын ала танысу - әрбір тапсырманы бағалаудың нақты өлшемдерін зерделеу; - тілді ауыстыру (қазақ/орыс); - «Профиль» бөлімінде мұғалім мен оқушының деректерін өзгерту; - оқушыларды көптеп жүктеу және өзгерту; - мұғалімдерді көптеп жүктеу және өзгерту; - әртүрлі өкілеттіктер мен қол жеткізу деңгейлері бар функционалдық бөліну (мектептен жауапты адам, мұғалім және оқушы); - тапсырмалардың орындалу статистикасын қарау; - оқушы мен мұғалімнің Платформамен өзара әрекеттесуі; - тапсырмаларды қашықтықтан орындау; - пайдаланушыларға Платформаның функционалдық мүмкіндіктерімен танысуға мүмкіндік беретін қосалқы функциялар; - бірнеше модульді бір ортақ тапсырмаға біріктіру; - тапсырманы орындауға қалған уақытты көрсету; - байланыс үзілген жағдайға арналған, оқушы енгізген бойда жауаптарды сақтау; - оқушының орындалған жұмыстардың нәтижелерін қарауы; - өлшемдік бағалаумен тапсырмаларды бағалаудың үшбалдық шкаласын пайдалану; - автоматты жауаппен тапсырмаларды бағалаудың екібалдық шкаласын пайдалану; - оқушы нәтижесінің түстік индикациясы. Тапсырмалардың форматы мен бағыты Функционалдық сауаттылықты дамыту тренажері бір тақырыпқа немесе құбылысқа арналған, екі тілдегі тапсырмалар жиынтығынан (3–5 дана) тұруы тиіс: - кіріспе контекстік ақпарат (мәтін + сурет); - кіріспе контекстің мәнін біртіндеп ашатын интерактивті тапсырмалар. Функционалдық құрамдастар Функционалдық сауаттылық тренажерінің жүйесінде бірнеше рөл көзделуі тиіс: - «Мектептен жауапты адам»; - «Мұғалім»; - «Оқушы». «Мектептен жауапты адам» рөлінде пайдаланушының келесі мүмкіндігі болуы тиіс: - мұғалімдерді құру; - мектепте сыныптар құру; - оларға оқушыларды қосу, оқушыларды, сыныптарды жою; - өз мектебіндегі пайдаланушыларды және олар туралы ақпаратты өзгерту; - өзіне есеп беретін пайдаланушылардың паролін өзгерту, оқушылардың кодтарын басып шығару және жаңарту; - статистиканы қарау. «Мұғалім» рөлінде пайдаланушының келесі мүмкіндігі болуы тиіс: - электрондық білім беру контентін қарау; - сыныптарға және оқушылар топтарына тапсырмалар беру; - орындалған жұмыстарды тексеру; - бағалау нәтижелерін қарау. «Оқушы» рөлінде пайдаланушының келесі мүмкіндігі болуы тиіс: - мұғалім берген тапсырмалар бойынша жұмыс жасау; - орындалған жұмыстарды және бағалау нәтижелерін қарау; - жеке кабинетке код бойынша кіру. Қажетті функционалдық құрамдастардың толық сипаттамасы Тапсырмаларды тағайындау: - оқушыларға модульді тағайындау мүмкіндігі; - модульді орындауға уақыт шектеуін қою мүмкіндігі. Тапсырмаларды тексеру: - «Менің жұмыстарым» бөлімінде барлық тағайындалған тапсырмалар туралы ақпаратты сауаттылық түрін, сыныпты, берілген күнін және тапсырмаға сілтемені көрсете отырып қарау мүмкіндігі; - әрбір оқушының тапсырмаларын қарау мүмкіндігі; - ашық жауапты тапсырмаларды көрсетілген өлшемдер бойынша тексеру мүмкіндігі; - автоматты түрде есептелген жұмыстың орындалу нәтижесін (балл бойынша) қарау мүмкіндігі. Тапсырмаларды орындау: - оқушы мұғалім берген код бойынша авторизацияланады және өзінің жеке кабинетіне

	кіреді; - жұмыстар тізімінен қажетті жұмысты таңдайды және орындауды бастайды; - орындау басталған сәттен бастап уақыт есептеле бастайды (Платформа сондай-ақ оқушының басқа тапсырмаларды орындауға көшкеніне қарамастан, оның орындап үлгергенінің барлығын тіркейді); - жұмысты аяқтаған кезде оқушы мұны тиісті түймені басу арқылы тіркейді (егер оқушы мұны жасауды ұмытып кетсе, Платформа уақыт өткеннен кейін алынған орындау нәтижелерін мұғалімге тексеруге бәрібір жібереді). Тренажердің қажетті интерфейсі Функционалдық сауаттылықты дамыту тренажері келесі бөлімдерді қамтуы тиіс: - «Тапсырмалар каталогы»; - «Сыныптар және оқушылар»; - «Сыныптар және топтар»; - «Менің жұмыстарым»; - «Профиль»; - «Статистика». «Тапсырмалар каталогы» бөлімінің интерфейсі келесі құралдарды және сипаттамаларды қамтуы тиіс: - әрбір кешенді тапсырманы тақтайша түрінде көрсететін каталог; - функционалдық сауаттылық түрі бойынша сүзгі; - кешенді тапсырма құрамындағы сұрақтардың мазмұнын қарау. «Сыныптар және оқушылар» интерфейсі келесі құралдарды және сипаттамаларды қамтуы тиіс: - Платформаға қосылған сыныптардың тізімі; - кез келген сыныптың тізімін ашу және бүкіл сынып немесе жеке оқушы үшін Платформаға қол жеткізу кодтарын басып шығару мүмкіндігі. «Сыныптар және топтар» интерфейсі келесі құралдарды және сипаттамаларды қамтуы тиіс: - Платформаға қосылған сыныптардың тізімі; - мұғалім құрған әртүрлі сыныптардың оқушылар топтарының тізімі - кез келген сыныптың немесе топтың тізімін ашу және бүкіл сынып немесе жеке оқушы үшін Платформаға қол жеткізу кодтарын басып шығару мүмкіндігі. «Менің жұмыстарым» бөлімінің интерфейсі келесі құралдарды және сипаттамаларды қамтуы тиіс: - мұғалім оқушыларға тағайындаған жұмыстардың тізімі, жұмыстың атауы, сынып атауы, берілген күні, жұмысқа сілтеме, жұмысты орындаған оқушылардың саны бойынша статистика көрсетіле отырып; - функционалдық сауаттылық түрі бойынша сүзгі; - әрбір жұмыс бойынша толығырақ статистикаға өту мүмкіндігі; - толық статистикада жұмысты орындаған оқушылардың тізімін, тексеру қажеттілігі туралы белгіні немесе жұмыс тексерілгеннен кейінгі орындалу үлгерімінің пайызын көру. «Профиль» интерфейсі келесі құралдарды және сипаттамаларды қамтуы тиіс: - пайдаланушы туралы ақпарат: рөлі, логині; - профиль деректерін өзгерту мүмкіндігі; - өзгерту режимінде мыналар өзгереді: тегі, аты, әкесінің аты, логині, паролі. «Статистика» бөлімінің интерфейсі келесі құралдарды және сипаттамаларды қамтуы тиіс: - оқушылар бойынша статистика; - сыныптар бойынша статистика; - мұғалімдер бойынша статистика. Бұдан басқа, мұғалім мен оқушының жұмыс режимдері үшін тренажерді пайдалану бойынша анықтама көзделуі тиіс. Пәндік мазмұн Функционалдық сауаттылықты дамыту тренажеріндегі интерактивті тапсырмалар келесі бағыттар бойынша әзірленуі тиіс: - математикалық сауаттылық (кемінде 9 модуль); - креативті ойлау (кемінде 18 модуль); - жаратылыстану-ғылыми сауаттылық (кемінде 10 модуль); - оқу сауаттылығы (кемінде 10 модуль). «Педагогтің білімін бағалау тренажері»

	функциясы (ПББ тренажері) ПББ тренажері келесі мүмкіндіктерге жауап беруі тиіс: - әрбір пән бойынша орыс және қазақ тілдерінде тестілердің болуы; - мұғалім рөлі үшін тренажерден дербес өту; - тренажерге кез келген құрылғыдан қол жеткізу (дербес компьютер, ноутбук); - модульдерді бастауыш және негізгі мектеп пәндерінің түрі бойынша сүзгілеу; - тілді ауыстыру (қазақ/орыс); - «Профиль» бөлімінде мұғалімнің деректерін өзгерту; - мұғалімдерді көптеп жүктеу және өзгерту; - тапсырмалардың орындалу статистикасын қарау; - тапсырмаларды қашықтықтан орындау; - пайдаланушыларға Платформаның функционалдық мүмкіндіктерімен танысуға мүмкіндік беретін қосалқы функциялар; - тапсырманы орындауға қалған уақытты көрсету; - байланыс үзілген жағдайға арналған, оқушы енгізген бойда жауаптарды сақтау; - педагогтің орындалған жұмыстардың нәтижелерін қарауы. Тапсырмалардың форматы мен бағыты Платформада ПББ-ға дайындалу үшін келесі пәндер бойынша тестілік тапсырмалар орналастырылған: 1. Биология 2. География 3. Қазақстан тарихы 4. Бастауыш сыныптар 5. Математика 6. Орыс тілі және әдебиеті 7. Физика 8. Химия 9. Информатика Әрбір нұсқада кемінде 50 интерактивті тапсырма. «Білім алушылардың ЖИ-сауаттылығын бағалау тренажері» функциясы Тренажер PISA (ЭЫДҰ) халықаралық зерттеуінің әдіснамасы бойынша әзірленген және білім алушылардың ЖИ-сауаттылығы мен медиасауаттылығын бағалауға және дамытуға арналған. Тапсырмалар PISA түпнұсқа тапсырмаларының форматына және құрылымына сәйкес келеді. Бағалау бағыттары: - жасанды интеллекттің жұмыс принциптерін, оның мүмкіндіктері мен шектеулерін түсіну; - ақпарат пен цифрлық контентті сын көзбен бағалау, шынайы емес ақпаратты тану; - генеративті жасанды интеллектті жауапты және этикалық пайдалану; - медиасауаттылық: дереккөздермен және деректермен жұмыс. Тренажер келесі мүмкіндіктерге жауап беруі тиіс: - оқушыларға, топтарға және сыныптарға кешенді тапсырмаларды тағайындау; - тапсырмаларды орындау үшін шектеулі уақытты көрсету; - жабық тапсырмаларды автоматты тексеру және ашық жауапты тапсырмаларды мұғалімнің өлшемдік тексеруі; - мұғалімнің тапсырмалардың сипаттамаларымен (бағалаудың мазмұндық және құзыреттілік саласы) және бағалау өлшемдерімен алдын ала танысуы; - тілді ауыстыру (қазақ/орыс); - тренажерге кез келген құрылғыдан қол жеткізу (дербес компьютер, ноутбук); - байланыс үзілген жағдайға арналған, оқушы енгізген бойда жауаптарды сақтау; - оқушының орындалған жұмыстардың нәтижелерін қарауы; - тапсырмалардың орындалу статистикасын оқушы, сынып және білім беру ұйымы бөлінісінде қарау; - оқушы нәтижесінің түстік индикациясы. «Білім алушылардың оқу жетістіктерін мониторингілеу тренажері» функциясы (МОДО тренажері) МОДО тренажері келесі мүмкіндіктерге жауап беруі тиіс: - оқушыларға тапсырмаларды тағайындау; - тапсырмаларды орындау үшін емтихан жағдайындағыдай шектеулі уақытты көрсету; - сыныптарды қосу және жою; - тренажерге кез келген құрылғыдан қол жеткізу (дербес компьютер, ноутбук); - модульдерді бастауыш және негізгі мектеп пәндерінің

	түрі бойынша сүзгілеу; - тілді ауыстыру (қазақ/орыс); - «Профиль» бөлімінде мұғалім мен оқушының деректерін өзгерту; - оқушыларды көптеп жүктеу және өзгерту; - мұғалімдерді көптеп жүктеу және өзгерту; - әртүрлі өкілеттіктер мен қол жеткізу деңгейлері бар функционалдық бөліну (мектептен жауапты адам, мұғалім және оқушы); - тапсырмалардың орындалу статистикасын қарау; - оқушы мен мұғалімнің Платформамен өзара әрекеттесуі; - тапсырмаларды қашықтықтан орындау; - пайдаланушыларға Платформаның функционалдық мүмкіндіктерімен танысуға мүмкіндік беретін қосалқы функциялар; - тапсырманы орындауға қалған уақытты көрсету; - байланыс үзілген жағдайға арналған, оқушы енгізген бойда жауаптарды сақтау; - оқушының орындалған жұмыстардың нәтижелерін қарауы; - оқушы нәтижесінің түстік индикациясы. Тапсырмалардың форматы мен бағыты МОДО тренажері мыналардан тұрады: 1. Бастауыш мектеп пәндері (Тіл 1, Математика, Жаратылыстану) 2. Негізгі мектеп пәндері (Тіл 1, Математика, Химия, Биология, Физика, География) Функционалдық құрамдастар МОДО тренажерінің жүйесінде бірнеше рөл көзделуі тиіс: - «Мектептен жауапты адам»; - «Мұғалім»; - «Оқушы». «Мектептен жауапты адам» рөлінде пайдаланушының келесі мүмкіндігі болуы тиіс: - мұғалімдерді құру; - мектепте сыныптар құру; - оларға оқушыларды қосу, оқушыларды, сыныптарды жою; - өз мектебіндегі пайдаланушыларды және олар туралы ақпаратты өзгерту; - өзіне есеп беретін пайдаланушылардың паролін өзгерту, оқушылардың кодтарын басып шығару және жаңарту; - статистиканы қарау. «Мұғалім» рөлінде пайдаланушының келесі мүмкіндігі болуы тиіс: - электрондық білім беру контентін қарау; - сыныптарға және оқушылар топтарына тапсырмалар беру; - орындалған жұмыстарды тексеру; - бағалау нәтижелерін қарау. «Оқушы» рөлінде пайдаланушының келесі мүмкіндігі болуы тиіс: - мұғалім берген тапсырмалар бойынша жұмыс жасау; - орындалған жұмыстарды және бағалау нәтижелерін қарау; - жеке кабинетке код бойынша кіру. Қажетті функционалдық құрамдастардың толық сипаттамасы Тапсырмаларды тағайындау: - оқушыларға модульді тағайындау мүмкіндігі; - модульді орындауға уақыт шектеуін қою мүмкіндігі. Тапсырмаларды тексеру: - «Менің жұмыстарым» бөлімінде барлық тағайындалған тапсырмалар туралы ақпаратты сауаттылық түрін, сыныпты немесе оқушылар тобын, берілген күнін және тапсырмаға сілтемені көрсете отырып қарау мүмкіндігі; - әрбір оқушының орындаған тапсырмасының нәтижелерін қарау мүмкіндігі; - ашық жауапты тапсырмаларды көрсетілген өлшемдер бойынша тексеру мүмкіндігі; - автоматты түрде есептелген жұмыстың орындалу нәтижесін (балл бойынша) қарау мүмкіндігі. Тапсырмаларды орындау: - оқушы мұғалім берген код бойынша авторизацияланады және өзінің жеке кабинетіне кіреді; - жұмыстар тізімінен қажетті жұмысты таңдайды және орындауды бастайды; - орындау басталған сәттен бастап уақыт есептеле бастайды (Платформа сондай-ақ оқушының басқа тапсырмаларды орындауға көшкеніне қарамастан, оның орындап үлгергенінің барлығын тіркейді); - жұмысты аяқтаған кезде оқушы мұны тиісті түймені

	басу арқылы тіркейді (егер оқушы мұны жасауды ұмытып кетсе, Платформа уақыт өткеннен кейін алынған орындау нәтижелерін мұғалімге тексеруге бәрібір жібереді). Тренажердің қажетті интерфейсі МОДО тренажері келесі бөлімдерді қамтуы тиіс: - «Тапсырмалар каталогы»; - «Сыныптар және оқушылар»; - «Сыныптар және топтар»; - «Менің жұмыстарым»; - «Профиль»; - «Статистика». «Тапсырмалар каталогы» бөлімінің интерфейсі келесі құралдарды және сипаттамаларды қамтуы тиіс: - әрбір кешенді тапсырманы тақтайша түрінде көрсететін каталог; - функционалдық сауаттылық түрі бойынша сүзгі; - кешенді тапсырма құрамындағы сұрақтардың мазмұнын қарау. «Сыныптар және оқушылар» интерфейсі келесі құралдарды және сипаттамаларды өзінде қамтуы тиіс: - Платформаға қосылған сыныптардың тізімі; - кез келген сыныптың тізімін ашу және бүкіл сынып немесе жеке оқушы үшін Платформаға қол жеткізу кодтарын басып шығару мүмкіндігі. «Сыныптар және топтар» интерфейсі келесі құралдарды және сипаттамаларды қамтуы тиіс: - Платформаға қосылған сыныптардың тізімі; - мұғалім құрған әртүрлі сыныптардың оқушылар топтарының тізімі - кез келген сыныптың немесе топтың тізімін ашу және бүкіл сынып немесе жеке оқушы үшін Платформаға қол жеткізу кодтарын басып шығару мүмкіндігі. «Менің жұмыстарым» бөлімінің интерфейсі келесі құралдарды және сипаттамаларды қамтуы тиіс: - мұғалім оқушыларға тағайындаған жұмыстардың тізімі, жұмыстың атауы, сынып атауы, берілген күні, жұмысқа сілтеме, жұмысты орындаған оқушылардың саны бойынша статистика көрсетіле отырып; - функционалдық сауаттылық түрі бойынша сүзгі; - әрбір жұмыс бойынша толығырақ статистикаға өту мүмкіндігі; - толық статистикада жұмысты орындаған оқушылардың тізімін, тексеру қажеттілігі туралы белгіні немесе жұмыс тексерілгеннен кейінгі орындалу үлгерімінің пайызын көру. «Профиль» интерфейсі келесі құралдарды және сипаттамаларды қамтуы тиіс: - пайдаланушы туралы ақпарат: рөлі, логині; - профиль деректерін өзгерту мүмкіндігі; - өзгерту режимінде мыналар өзгереді: тегі, аты, әкесінің аты, логині, паролі. «Статистика» бөлімінің интерфейсі келесі құралдарды және сипаттамаларды қамтуы тиіс: - оқушылар бойынша статистика; - сыныптар бойынша статистика; - мұғалімдер бойынша статистика. Бұдан басқа, мұғалім мен оқушының жұмыс режимдері үшін тренажерді пайдалану бойынша анықтама көзделуі тиіс. «Жиынтық бағалау тренажері» функциясы Жиынтық бағалау тренажері келесі мүмкіндіктерге жауап беруі тиіс: - оқушыларға тапсырмаларды тағайындау; - тапсырмаларды орындау үшін шектеулі уақытты көрсету; - сыныптарды қосу және жою; - кез келген құрылғыдан қол жеткізу (дербес компьютер, смартфон); - тапсырмаларды автоматты тексеру; - бағаланатын оқу мақсаттарымен және бағалау өлшемдерімен алдын ала танысу - тілді ауыстыру (қазақ/орыс); - тапсырмалардың орындалу статистикасын қарау; - оқушы мен мұғалімнің тренажермен өзара әрекеттесуі; - тапсырмаларды қашықтықтан орындау; - пайдаланушыларға тренажердің функционалдық мүмкіндіктерімен танысуға мүмкіндік беретін қосалқы функциялар; -

	байланыс үзілген жағдайға арналған, оқушы енгізген бойда жауаптарды сақтау; - оқушының орындалған жұмыстардың нәтижелерін қарауы; - автоматты жауаппен тапсырмаларды бағалаудың бірбалдық шкаласын пайдалану; - оқушы нәтижесінің түстік индикациясы. Тапсырмалардың форматы мен бағыты Жиынтық бағалау тренажері екі тілде бір бөлімге (бөлім бойынша жиынтық бағалау үшін) және бір тоқсанға (тоқсан бойынша жиынтық бағалау үшін) арналған тапсырмалар жиынтығынан тұруы тиіс: - бағаланатын оқу мақсаттары және бағалау өлшемдері туралы кіріспе ақпарат; - интерактивті тапсырмалар. Функционалдық құрамдастар Тренажер жүйесінде бірнеше рөл көзделуі тиіс: - «Мектептен жауапты адам»; - «Мұғалім»; - «Оқушы». «Мектептен жауапты адам» рөлінде пайдаланушының келесі мүмкіндігі болуы тиіс: - мұғалімдерді тіркеу; - мектепте сыныптар құру; - оқушыларды, сыныптарды қосу/жою; - өз мектебіндегі пайдаланушыларды және олар туралы ақпаратты өзгерту; - өзіне есеп беретін пайдаланушылардың паролін өзгерту, оқушылардың кодтарын басып шығару және жаңарту; - статистиканы қарау. «Мұғалім» рөлінде пайдаланушының келесі мүмкіндігі болуы тиіс: - электрондық білім беру контентін қарау; - сыныптарға тапсырмалар беру; - орындалған жұмыстарды тексеру; - бағалау нәтижелерін қарау. «Оқушы» рөлінде пайдаланушының келесі мүмкіндігі болуы тиіс: - мұғалім берген тапсырмалар бойынша жұмыс жасау; - орындалған жұмыстарды және бағалау нәтижелерін қарау; - жеке кабинетке код бойынша кіру. Қажетті функционалдық құрамдастардың толық сипаттамасы. Тапсырмаларды тағайындау: - оқушыларға бір немесе бірнеше жұмыс тағайындау мүмкіндігі. Тапсырмаларды тексеру: - «Менің жұмыстарым» бөлімінде барлық тағайындалған тапсырмалар туралы ақпаратты қарау мүмкіндігі; - әрбір оқушының тапсырмасын қарау мүмкіндігі; - автоматты түрде есептелген жұмыстың орындалу нәтижесін (пайызбен) қарау мүмкіндігі. Тапсырмаларды орындау: - оқушы мұғалім берген код бойынша авторизацияланады және өзінің жеке кабинетіне кіреді; - жұмыстар тізімінен қажетті жұмысты таңдайды және орындауды бастайды; - жұмысты аяқтаған кезде оқушы мұны тиісті түймені басу арқылы тіркейді (егер оқушы мұны жасауды ұмытып кетсе, Платформа уақыт өткеннен кейін алынған орындау нәтижелерін мұғалімге тексеруге бәрібір жібереді). Тренажердің қажетті интерфейсі Жиынтық бағалау тренажері келесі бөлімдерді қамтуы тиіс: - «Сабақтар каталогы»; - «Сыныптар және оқушылар»; - «Сыныптар және топтар» - «Менің жұмыстарым»; - «Профиль»; - «Статистика». «Сабақтар каталогы» бөлімінің интерфейсі келесі құралдарды және сипаттамаларды қамтуы тиіс: - әрбір кешенді тапсырманы тақтайша түрінде көрсететін каталог; - сабақтағы сұрақтардың мазмұнын қарау. «Сыныптар және оқушылар» интерфейсі келесі құралдарды және сипаттамаларды өзінде қамтуы тиіс: - Платформаға қосылған сыныптардың тізімі; - кез келген сыныптың тізімін ашу және бүкіл сынып немесе жеке оқушы үшін Платформаға қол жеткізу кодтарын басып шығару мүмкіндігі. «Сыныптар және топтар» интерфейсі келесі құралдарды және сипаттамаларды

	қамтуы тиіс: - Платформаға қосылған сыныптардың тізімі; - мұғалім құрған әртүрлі сыныптардың оқушылар топтарының тізімі - кез келген сыныптың немесе топтың тізімін ашу және бүкіл сынып немесе жеке оқушы үшін Платформаға қол жеткізу кодтарын басып шығару мүмкіндігі. «Менің жұмыстарым» бөлімінің интерфейсі келесі құралдарды және сипаттамаларды қамтуы тиіс: - мұғалім оқушыларға тағайындаған жұмыстардың тізімі, жұмыстың атауы, сынып атауы, берілген күні, жұмысқа сілтеме, жұмысты орындаған оқушылардың саны бойынша статистика көрсетіле отырып. «Профиль» интерфейсі келесі құралдарды және сипаттамаларды қамтуы тиіс: - пайдаланушы туралы ақпарат: рөлі, логині; - профиль деректерін өзгерту мүмкіндігі; - өзгерту режимінде мыналар өзгереді: тегі, аты, әкесінің аты, логині, паролі. «Статистика» бөлімінің интерфейсі келесі құралдарды және сипаттамаларды қамтуы тиіс: - оқушылар бойынша статистика; - сыныптар бойынша статистика; - мұғалімдер бойынша статистика. Бұдан басқа, мұғалім мен оқушының жұмыс режимдері үшін тренажерді пайдалану бойынша анықтама көзделуі тиіс. «Мұғалімнің ЖИ-көмекшісі» функциясы Цифрлық білім беру платформасының педагогтің жеке кабинетінде орта білім беру ұйымдары үшін оқуәдістемелік және бағалау материалдарын дайындауды автоматтандыруға арналған «Мұғалімнің ЖИ-көмекшісі» модулі көзделуі тиіс. Жасанды интеллект технологиялары негізінде оқуәдістемелік құжаттарды автоматты түрде қалыптастыру сервисі. Сервисті пайдалану педагогтің сабақтарға дайындалуға жұмсайтын еңбек шығындарын аптасына 10 сағатқа дейін қысқартуды қамтамасыз етуі тиіс. Сервистің жұмыс тәртібі: - мұғалім пәнді, сыныпты, оқыту тілін және сабақтың тақырыбын таңдайды; - жүйе құжатты үлгілік оқу бағдарламасына және МЖМБС-ға сәйкес қалыптастырады; - мұғалім қажет болған жағдайда қалыптастырылған құжатты өзгертеді; - дайын құжат Word және PDF форматтарында экспортталады. Қалыптастырылатын құжаттардың түрлері: - қысқа мерзімді сабақ жоспары (ҚМЖ); - бөлім бойынша (БЖБ) және тоқсан бойынша (ТЖБ) жиынтық бағалау тапсырмалары; - тестілік тапсырмалар; - сабаққа презентациялар. Функционалдық талаптар: - қазақ және орыс оқыту тілдерін қолдау; - қалыптастырылған құжаттардың МЖМБС және үлгілік оқу бағдарламаларының талаптарына сәйкестігі; - құжатты өзгерту және қайта қалыптастыру мүмкіндігі; - қалыптастырылған құжаттарды мұғалімнің жеке кабинетінде сақтау; - құжаттарды Word (docx) және PDF форматтарында экспорттау; - Платформаға қосылған білім беру ұйымдарының барлық педагогтері үшін сервиске қол жеткізу. Модуль қолданыстағы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, үлгілік оқу бағдарламаларын, пәнді, сыныпты, бөлімді, тақырыпты және оқу мақсаттарын ескере отырып, материалдарды қазақ және орыс тілдерінде қалыптастыруды қамтамасыз етуі тиіс. - Қысқа мерзімді сабақ жоспарын қалыптастыру. Модуль келесі параметрлер негізінде қысқа мерзімді сабақ жоспарын автоматты түрде қалыптастыруды қамтамасыз етуі тиіс: сынып, пән, бөлім, сабақ тақырыбы, оқыту тілі, оқу мақсаты, сабақтың

	ұзақтығы. Қалыптастырылған ҚМЖ оқу мақсаттарын, сабақ мақсаттарын, бағалау өлшемдерін, уақыт бөлінісімен сабақ кезеңдерін, педагог пен оқушылардың әрекетін, жұмыс әдістері мен формаларын, тапсырмаларды, ресурстарды, қалыптастырушы бағалауды, дифференциацияны, рефлексияны және үй тапсырмасын қамтуы тиіс. Педагогтің құжатты өзгерту, жеке элементтерді қайта қалыптастыру, ҚМЖ-ны сақтау, көшіру, жүктеп алу және одан әрі жұмыста пайдалану мүмкіндігі болуы тиіс. ҚМЖ құрылымы Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында қабылданған талаптарға сәйкес келуі тиіс. Құжатты жүктеп алу кестелік құрылымды сақтай отырып, DOCX және PDF форматтарында қолдау көрсетілуі тиіс. Пайдаланылатын оқу мақсаттары таңдалған пән мен сынып бойынша қолданыстағы үлгілік оқу бағдарламасының кодтарына сәйкес келуі тиіс. Қалыптастырылған материалда оқу мақсатының коды көрсетілуі тиіс. - БЖБ қалыптастыру. Модуль пәнді, сыныпты, бөлімді, оқу мақсаттарын, оқыту тілін және күрделілік деңгейін ескере отырып, бөлім бойынша жиынтық бағалауды автоматты түрде қалыптастыруды қамтамасыз етуі тиіс. БЖБ тапсырмаларды, бағалау өлшемдерін, дескрипторларды, балл санын, дұрыс жауаптарды және тексеруге арналған кілттерді қамтуы тиіс. Ашық тапсырмалар үшін жауап үлгісі және бағалау схемасы көзделуі тиіс. Бір тақырып бойынша тапсырмаларды толық қайталамай, БЖБ бірнеше нұсқасын қалыптастыру мүмкіндігі көзделуі тиіс. - ТЖБ қалыптастыру. Модуль таңдалған пән, сынып, тоқсан, оқыту тілі және тиісті оқу мақсаттары негізінде тоқсан бойынша жиынтық бағалауды қалыптастыруды қамтамасыз етуі тиіс. ТЖБ тапсырмаларды, бағалау өлшемдерін, дескрипторларды, балдардың бөлінуін, дұрыс жауаптарды және тексеруге арналған кілттерді қамтуы тиіс. Педагогтің қалыптастырылған материалды сақтауға және пайдалануға дейін өзгерту мүмкіндігі болуы тиіс. Жауаптар мен кілттер тапсырмалардың мазмұнына, ал балдардың бөлінуі тоқсан бойынша жиынтық бағалауға қойылатын әдістемелік талаптарға сәйкес келуі тиіс. - Тестілер мен оқу тапсырмаларын қалыптастыру. Модуль таңдалған пән, сынып, бөлім, тақырып және оқу мақсаты бойынша тестілер мен оқу тапсырмаларын автоматты түрде құруды қамтамасыз етуі тиіс. Бір дұрыс жауабы бар сұрақтарды, бірнеше дұрыс жауабы бар сұрақтарды, сәйкестендіру тапсырмаларын, қысқа жауапты тапсырмаларды, ашық сұрақтарды, практикаға бағдарланған және контекстік тапсырмаларды, сондай-ақ функционалдық сауаттылыққа арналған тапсырмаларды қалыптастыру көзделуі тиіс. Педагогтің тапсырмалардың санын, олардың типін және күрделілік деңгейін таңдау мүмкіндігі болуы тиіс. Оқытуды дифференциациялау үшін модуль базалық, орташа және жоғарылатылған күрделілік деңгейіндегі тапсырмаларды қалыптастыруы тиіс. Дұрыс емес жауап нұсқалары шынайыға ұқсас, тақырыпқа сәйкес болуы және екіұшты түсіндіруге жол бермеуі тиіс. Жабық типті тапсырмалар үшін дұрыс жауап анықталуы тиіс. Ашық тапсырмалар үшін бағалау өлшемдері, дескрипторлар және жауап үлгісі қалыптастырылуы тиіс. - Сабаққа презентациялар қалыптастыру. Сабақтың тақырыбы мен

	мақсаттары негізінде модуль оқу презентациясының құрылымын және мазмұнын қалыптастыруы тиіс. Презентация титулдық слайдты, сабақтың тақырыбы мен мақсаттарын, жаңа материалды түсіндіруді, негізгі ұғымдар мен анықтамаларды, мысалдарды, оқушыларға арналған сұрақтар мен тапсырмаларды, материалды бекітуді, рефлексияны және тұжырымдарды қамтуы тиіс. Презентацияның мазмұны оқушылардың жасына, сыныпқа, пәнге, тақырыпқа және таңдалған оқу мақсаттарына сәйкес келуі тиіс. Педагогтің слайдтардың тақырыптары мен мазмұнын өзгерту, олардың реттілігін өзгерту, слайдтарды қосу және жою, сондай-ақ дайын презентацияны PPTX форматында жүктеп алу мүмкіндігі болуы тиіс. - Материалдың жеке элементтерімен жұмыс. Модульдің функциялары құжатты бастапқы құру кезінде де, оны кейіннен өзгерту кезінде де қолжетімді болуы тиіс. Педагогтің ҚМЖ, БЖБ, ТЖБ, тест немесе презентацияның жеке элементін таңдап, оған келесі әрекеттердің бірін қолдану мүмкіндігі болуы тиіс: «Оңайлату», «Күрделендіру», «Басқа нұсқа құру», «Қысқарту», «Мысал қосу», «Бағалау өлшемдерін құру», «Дескрипторлар құру», «Оқушылардың басқа дайындық деңгейіне бейімдеу», «Қазақ тіліне аудару», «Орыс тіліне аудару». Сондай-ақ өзінің мәтіндік нұсқауын енгізу мүмкіндігі көзделуі тиіс. Жеке элементті өзгерту бүкіл құжатты қайта қалыптастыруды талап етпеуі тиіс. - Жекелендіру және дифференциация. Модуль педагогке материалдарды оқушылардың әртүрлі дайындық деңгейін және білім беру қажеттіліктерін ескере отырып бейімдеуге мүмкіндік беруі тиіс. Бір оқу материалы үшін оңайлатылған, базалық және күрделендірілген нұсқаларды, дайындық деңгейі жоғары оқушыларға арналған қосымша тапсырмаларды, сондай-ақ қиналатын оқушылар үшін қосымша түсіндірмелер мен қадамдық нұсқаулықтарды қалыптастыру мүмкіндігі көзделуі тиіс. - Білім беру бағдарламасына сәйкестігі. Материалдарды қалыптастыру кезінде модуль сынып, пән, бөлім, тақырып, оқу мақсаты, оқу тапсырмасы, бағалау өлшемі және дескриптор арасындағы өзара байланысты ескеруі тиіс. Педагог қажетті параметрлерді Платформаның анықтамалықтарынан таңдауы тиіс. Модуль педагог таңдаған оқу мақсаттарын оның растауынсыз дербес өзгертпеуі тиіс. Сыныптардың, пәндердің, бөлімдердің, тақырыптардың және оқу мақсаттарының анықтамалықтары Қазақстан Республикасының қолданыстағы үлгілік оқу бағдарламалары негізінде қалыптастырылуы және орта білім берудің пәндері мен сыныптары бойынша оқу мақсаттарының кодтарын қазақ және орыс тілдерінде қамтуы тиіс. Қалыптастырылған материал таңдалған оқу мақсатының кодына сәйкес келуі тиіс. Материалды анықтамалықтағы оқу мақсатының кодына байланыстырмай қалыптастыруға жол берілмейді. Әрбір құрылған материал үшін ол қалыптастырылған оқу бағдарламасының редакциясы туралы ақпарат сақталуы тиіс. - Педагогтің өзгертуі және бақылауы. Барлық қалыптастырылған материалдар педагогтің тексеруіне және бекітуіне жататын жобалар ретінде қарастырылуы тиіс. Материалды сақтағанға немесе оқушыларға тағайындағанға дейін педагогтің құжатты қарау, оны өзгерту, жеке элементтерді ауыстыру,

	қажетті бөліктерін қайта қалыптастыру және қорытынды нұсқасын бекіту мүмкіндігі болуы тиіс. Материалды пайдалану туралы соңғы шешімді педагог қабылдайды. - Сақтау және қайта пайдалану. Құрылған материалдар педагогтің жеке кабинетінде автоматты түрде сақталуы тиіс. Бұрын құрылған материалдарды іздеу, оларды ашу, өзгерту, көшіру, қайта пайдалану, жаңа нұсқасын жасау, жүктеп алу, сабаққа қосу және Платформаның тиісті функционалы болған кезде сыныпқа немесе жеке оқушыларға тағайындау қамтамасыз етілуі тиіс. Материалды жою пайдаланушы растағаннан кейін ғана жүзеге асырылуы тиіс. Жойылған материалды 30 күнтізбелік күн ішінде қалпына келтіру мүмкіндігі көзделуі тиіс. - Өнімділікке қойылатын талаптар. Стандартты оқу материалын қалыптастыру пайдаланушы қажетті параметрлерді таңдағаннан кейін автоматты түрде басталуы тиіс. Платформа процестің статусын көрсетуі және пайдаланушыға материалды қалыптастырудың аяқталғаны туралы хабарлауы тиіс. Техникалық қате болған кезде пайдаланушының бастапқы параметрлерді қайта толтырмай, операцияны қайталау мүмкіндігі болуы тиіс. Күту уақыты жүйе белгілеген кезеңмен шектелуі тиіс. Егер материал осы уақыт ішінде қалыптастырылмаса, пайдаланушыға қате туралы хабарлама және қайта іске қосу әрекеті көрсетілуі тиіс. Рұқсат етілген жүктеме асып кеткен жағдайда сұрау кезекке қойылуы тиіс. Пайдаланушы сұраудың өңделу статусы туралы ақпарат алуы тиіс. Сұрауды себебін түсіндірмей қабылдамауға жол берілмейді. - Ақпараттық қауіпсіздік және дербес деректерді қорғау. Модуль педагогтер мен оқушылардың деректерін өңдеуді және сақтауды Қазақстан Республикасының дербес деректер туралы заңнамасына және ақпараттық жүйелердегі ақпаратты қорғау талаптарына сәйкес қамтамасыз етуі тиіс. Рөлдер бойынша қол жеткізуді шектеу, деректерді беру және сақтау кезінде шифрлау, сондай-ақ пайдаланушылардың әрекеттері журналдарын жүргізу көзделуі тиіс. Модуль платформаның қолданыстағы рөлдерін және қол жеткізу құқықтарын, біртұтас дизайн-жүйесін және платформада көзделген сабақтармен жұмыс және оқушыларға материалдарды тағайындау сценарийлерін пайдалануы тиіс. Құрылған материалдар платформаның байланысты бөлімдерінде, оның ішінде сабақтарда, материалдарды сыныпқа немесе оқушыларға тағайындауда және нәтижелерде, қосымша жүктеп алусыз және қайта импорттаусыз қолжетімді болуы тиіс. - Сапаға және шынайылыққа қойылатын талаптар. Қалыптастырылған материалдар пәндік тұрғыдан шынайы болуы және таңдалған оқу мақсаттарына сәйкес келуі тиіс. Фактілік тұрғыдан дұрыс емес ақпаратты, жоқ оқу мақсаттарын, дұрыс емес жауаптарды, кілттерді және бағалау өлшемдерін енгізуге жол берілмейді. Материалдардың қазақ және орыс тілдеріндегі сапасы салыстырмалы болуы тиіс. Қазақ тіліндегі материалдардың пәндік терминологиясы, сауаттылығы және дұрыстығы жеке тексеруден өтуі тиіс. - Масштабталуы және жүктемеге төзімділігі. Модуль педагогтердің көптеп бір мезгілде пайдалануы кезінде, оның ішінде оқу тоқсандарының соңындағы жүктеме артқан кезеңдерде тұрақты жұмысты қамтамасыз етуі тиіс.

	Модульді пайдалануға енгізгенге дейін ең жоғары жүктемені модельдеумен жүктеме сынағы жүргізілуі тиіс. Штаттық жүктеме кезінде негізгі функциялардың қолжетімділігінің төмендеуіне жол берілмейді. Пайдаланушы интерфейсіне қойылатын талаптар. «Мұғалімнің ЖИкөмекшісі» функционалы педагогтің жеке кабинетіне кіріктірілуі және күрделі техникалық сұрауларды өз бетінше құрастыру қажеттілігінсіз оқу-әдістемелік материалдарды құрудың түсінікті қадамдық процесін қамтамасыз етуі тиіс. - Басты экран: басты экранда ҚМЖ, БЖБ, ТЖБ, тест немесе тапсырма және презентация құруға арналған жеке әрекеттер ұсынылуы тиіс. Пайдаланушының қажетті материалды құруды тікелей басты экраннан бастау мүмкіндігі болуы тиіс. Сондай-ақ бұрын құрылған құжаттары бар және оларды іздеу, ашу, өзгерту, көшіру және қайта пайдалану мүмкіндігі бар «Менің материалдарым» бөлімі көрсетілуі тиіс. - Материалды қадамдық құру: материалды құру ағымдағы кезеңді және жалпы прогресті көрсете отырып, дәйекті түрде жүзеге асырылуы тиіс. Педагог пәнді, сыныпты, оқыту тілін, бөлімді, тақырыпты, оқу мақсаттарын және қосымша параметрлерді дәйекті таңдап, содан кейін материалды қалыптастыруды іске қосуы тиіс. Білім беру бағдарламасына байланысты параметрлер Платформаның анықтамалықтарынан қойылуы тиіс. Сынып пен пәнді таңдағаннан кейін пайдаланушыға тиісті бөлімдер, тақырыптар және оқу мақсаттары ұсынылуы тиіс. Пайдаланушының алдыңғы кезеңдерде таңдаған деректерін қайта енгізуге жол берілмейді. - ҚМЖ құру интерфейсі: ҚМЖ құру кезінде келесі өрістер көзделуі тиіс: сынып, пән, оқыту тілі, бөлім, сабақ тақырыбы, оқу мақсаттары, сабақ мақсаттары, сабақтың ұзақтығы, педагогтің қосымша тілектері. Қалыптастырылғаннан кейін ҚМЖ құрылымдалған және өзгертілетін түрде көрсетілуі тиіс. Негізгі кестеде сабақ кезеңі, уақыт, педагогтің әрекеті, оқушылардың әрекеті, бағалау және ресурстар болуы тиіс. Жеке түрде оқу мақсаттары, сабақ мақсаттары, табыс өлшемдері, дифференциация, тапсырмалар, үй тапсырмасы және рефлексия көрсетілуі тиіс. Педагогтің бүкіл ҚМЖ-ны қайта құрмай, әрбір блокты жеке өзгерту мүмкіндігі болуы тиіс. - ҚМЖ ішіндегі әрекеттер: ҚМЖның жеке элементтері үшін келесі жылдам әрекеттер қолжетімді болуы тиіс: «Өзгерту», «Басқа нұсқа құру», «Оңайлату», «Күрделендіру», «Тапсырма қосу», «Мысал қосу», «Өлшемдер мен дескрипторлар қосу». Сондай-ақ таңдалған элементті өзгерту үшін педагогтің өз мәтіндік нұсқауын енгізу мүмкіндігі көзделуі тиіс. Бір элементті өзгерту бүкіл құжаттың автоматты түрде өзгеруіне әкелмеуі тиіс. - БЖБ және ТЖБ құру интерфейсі: БЖБ құру үшін педагог пәнді, сыныпты, оқыту тілін, бөлімді, оқу мақсаттарын, тапсырмалардың санын және күрделілік деңгейін дәйекті таңдауы тиіс. ТЖБ құру үшін педагог пәнді, сыныпты, оқыту тілін, тоқсанды, оқу мақсаттарын, тапсырмалардың санын және күрделілік деңгейін дәйекті таңдауы тиіс. Материал қалыптастырылғаннан кейін жүйе тапсырмаларды, бағалау өлшемдерін, дескрипторларды, балдарды, дұрыс жауаптарды және кілттерді көрсетуі тиіс. Педагогтің жеке тапсырманы қосу, жою,

	ауыстыру немесе қайта қалыптастыру мүмкіндігі болуы тиіс. - Тестілерді құру интерфейсі: педагогтің пәнді, сыныпты, тақырыпты, оқу мақсаттарын, сұрақтардың санын, сұрақтардың типтерін және күрделілік деңгейін таңдау мүмкіндігі болуы тиіс. Интерфейсте келесі тапсырма типтері қолжетімді болуы тиіс: бір дұрыс жауап, бірнеше дұрыс жауап, сәйкестендіру, қысқа жауап, ашық жауап, контекстік тапсырма және практикаға бағдарланған тапсырма. Сақтағанға дейін педагог тестің толық алдын ала қарауын, дұрыс жауаптарды және бағалау өлшемдерін көруі тиіс. - Тапсырмаларды дифференциациялау: интерфейсте оқушылардың әртүрлі дайындық деңгейлері үшін тапсырмалар құру мүмкіндігі көзделуі тиіс. Келесілер қолжетімді болуы тиіс: А деңгейі – базалық, В деңгейі – орташа, С деңгейі – жоғарылатылған, күрделілігі жоғарылатылған тапсырмалар және ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар үшін бейімделген нұсқа. Педагогтің бір сабақ шеңберінде тапсырмалардың бірнеше деңгейін қалыптастыру мүмкіндігі болуы тиіс. - Презентация құру интерфейсі: презентация құру кезінде педагог пәнді, сыныпты, тақырыпты, оқу мақсаттарын және қажет болған жағдайда слайдтардың санын таңдауы тиіс. Қалыптастырылғаннан кейін әрбір слайдты жеке өзгерту мүмкіндігімен презентацияның құрылымы көрсетілуі тиіс. Пайдаланушының мәтінді және тақырыпты өзгерту, слайд қосу немесе жою, слайдтардың реттілігін өзгерту, жеке слайдты қайта қалыптастыру, мысал, сұрақ немесе тапсырма қосу, дайын презентацияны сақтау және жүктеп алу мүмкіндігі болуы тиіс. - Қорытынды экран: материалды құру аяқталғаннан кейін педагог оны сақтағанға дейін алдын ала қарауын көруі тиіс. Қорытынды экранда «Өзгерту», «Сақтау», «Жүктеп алу», «Сабаққа қосу», «Сыныпқа тағайындау» әрекеттері көзделуі тиіс. «Сыныпқа тағайындау» әрекеті оқушылардың орындауын көздейтін материалдар үшін ғана көрсетілуі тиіс. Материалды тағайындау кезінде сыныпты, топты немесе жеке оқушыларды таңдау мүмкіндігі көзделуі тиіс. - «Менің материалдарым» бөлімі: педагог құрған барлық материалдар «Менің материалдарым» бөлімінде сақталуы тиіс. Бөлімде іздеу жолы, пән, сынып, материал типі және күні бойынша сүзгілер, сондай-ақ сұрыптау көзделуі тиіс. Әрбір материал үшін атауы, материал типі, пәні, сыныбы, құрылған күні және соңғы өзгертілген күні көрсетілуі тиіс. Материал үшін «Ашу», «Өзгерту», «Көшірме жасау», «Жүктеп алу», «Жою» әрекеттері қолжетімді болуы тиіс. - UX/UI-ге қойылатын жалпы талаптар: интерфейс платформаның біртұтас дизайн-жүйесінде орындалуы және негізгі пайдаланушы сценарийлерін орындау үшін ең аз қажетті әрекеттер санын қамтамасыз етуі тиіс. Негізгі мақсатты әрекеттер қосалқы әрекеттерден визуалды түрде ерекшеленуі тиіс. Сүзгілер мен іздеу жолы жұмыс аймағының жоғарғы бөлігінде орналасуы тиіс. Интерфейс элементтері үшін келесі күйлер көзделуі тиіс: қалыпты, үстіне алып келу, фокус, белсенді, белсенді емес, жүктелу, сәтті орындалу, қате. Материалды қалыптастыру кезінде пайдаланушыға процестің ағымдағы статусы көрсетілуі тиіс. Қате пайда болған кезде бұрын

	енгізілген параметрлер сақталуы тиіс. Деректердің жоғалуына әкелуі мүмкін әрекеттер үшін, оның ішінде материалды жою үшін, растау көрсетілуі тиіс. Интерфейс тілді ауыстыру мүмкіндігімен қазақ және орыс тілдерінде қолжетімді болуы тиіс. - Пайдалану қарапайымдылығына қойылатын талаптар: модульдің негізгі функциялары педагогке жасанды интеллект жүйелеріне сұрауларды тұжырымдау саласындағы арнайы білімсіз қолжетімді болуы тиіс. Пайдаланушы ҚМЖ, БЖБ, ТЖБ, тест немесе презентация құру үшін сұрауды өз бетінше құрастыруға міндетті болмауы тиіс. Негізгі сценарий параметрлерді таңдауды, нәтижені алуды, қажет болған жағдайда өзгертуді, сақтауды және материалды одан әрі пайдалануды қамтуы тиіс. Қосымша мәтіндік нұсқауды енгізу мүмкіндігі қосымша, бірақ міндетті емес функция ретінде көзделуі тиіс. - Жеке кабинеттегі навигация: «Мұғалімнің ЖИ-көмекшісі» функционалы педагогтің жеке кабинетінің негізгі мәзірінен қолжетімді болуы және платформаның басқа бөлімдерімен байланысты болуы тиіс. Құрылған материал келесі реттілікте пайдаланылуы тиіс: «Мұғалімнің ЖИ-көмекшісі», «Менің материалдарым», «Сабақ», «Сынып», «Оқушыларға тағайындау», «Нәтижелер», егер материалдың тиісті типі оқушылардың орындауын көздесе. Байланысты бөлімдер арасында өту кезінде бұрын таңдалған сынып, пән және материал, егер бұл пайдаланушы сценарийінде көзделсе, сақталуы тиіс. - Енгізуден күтілетін нәтиже: модуль педагогтің сабақтарды жоспарлау, ҚМЖ әзірлеу, БЖБ және ТЖБ дайындау, тестілер, оқу тапсырмалары мен презентациялар құру кезіндегі күнделікті операциялар көлемінің қысқаруын қамтамасыз етуі тиіс. Педагог оқу-әдістемелік материалдың өзгертілетін жобасын ең аз әрекет санымен алуы, оның мазмұнына бақылауды сақтауы және оны пайдалану туралы соңғы шешімді қабылдауы тиіс. «Біліктілікті арттыру курстары» функциясы Функция педагогтерге біліктілікті арттыру курстарынан электрондық форматта өтуді қамтамасыз етуі және келесілерді қамтуы тиіс: - электрондық оқу жоспары және кестесі бар тыңдаушының жеке кабинеті; - курстың оқу материалдарына, бейнесабақтарына және тапсырмаларына қол жеткізу; - асинхронды және синхронды режимдерде оқыту; - курстың тьюторынан (кураторынан) кері байланыс және форумдарға қатысу; - аралық және қорытынды бақылауды тестілер мен тапсырмалар түрінде өткізу; - курстан өту прогресін қадағалау (игеру пайызы, сабақтарға қатысу); - қорытынды аттестаттаудан сәтті өту қорытындысы бойынша сертификатты қалыптастыру және жүктеп алу; - оқыту тілін ауыстыру (қазақ/орыс); - мектеп әкімшісінің және білім беру бөлімінің (басқармасының) курстардан өту статистикасын қарауы. 3.3. Цифрлық контенттің түрлері мен форматтары Платформаның цифрлық контенті: - Қазақстан Республикасының білім беру бағдарламаларына сәйкес келуі тиіс; - әртүрлі көрнекілік құралдарын пайдалану арқылы білім беру процесінің тиімділігін арттыруы тиіс; - оқушыларды осы пән шеңберінде алған білімдері мен дағдыларын қолдануға бағдарлайтын оқу қызметінің түрлерін ұсынуы тиіс; - оқушыларға оқу материалын бекітуге, алған білік

	және дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін практикалық тапсырмаларды қамтуы тиіс; - өтілген материалдың игерілуін бағалайтын тестілік тапсырмаларды қамтуы тиіс. Платформадағы сабақ жаңа оқу материалын түсіндіруді, сондай-ақ алынған білімді қолдануды және (немесе) бекітуді іске асыруға мүмкіндік беруі тиіс. Мысалы, БЖБ/ТЖБ, ҰБТ және т.б. материалдарымен қайталау және бақылау сабақтары болуы мүмкін, оларда 5 бөлімнен аспайтын бөлім болуы мүмкін: білімді өзектендіру және/немесе проблемалық сұрақ, жаңа материалды зерделеу, материалдың игерілуін тексеру, білімді бекіту және бақылау, рефлексия. Ұсынылған бөлімдердің әрқайсысы цифрлық контенттің жеке құрылымдық және мазмұндық бірлігі түрінде әзірленуі тиіс. Әрбір цифрлық сабақ кемінде үш құрамдастан тұруы тиіс. Контенттің әрбір цифрлық элементі пәннің күрделілігін, ерекшелігін және тақырыбын, оқушылардың жасын және басым педагогикалық міндеттерді ескере отырып айқындалады. Интерактивті сабақ логикалық тұрғыдан тұтас оқу материалының көлемін білдіруі және білімді жақсы есте сақтауға және тиімді игеруге, пәндік білік және дағдыларды дамытуға ықпал ететін цифрлық контенттің әртүрлі түрлерін (анимациялық роликтер мен бейнетүсіндірмелер, мультимедиялық слайд-шоу, интерактивті жаттығулар, диаграммалар, схемалар, иллюстрациялар, аудиожазбалар, мәтіндік материалдар, симуляторлар мен тренажерлар) қамтуы тиіс. Платформада ұсынылған интерактивті сабақтар оқытудың келесі форматтарында пайдалануға жарамды болуы тиіс: - фронтальды оқытуға арналған формат; - қашықтықтан оқытуға арналған формат; - араласқан оқытуға арналған формат. Бір интерактивті сабақта келесі құрамдастар болуы мүмкін: - цифрлық білім беру ортасының әртүрлі білік және дағдыларды (есте сақтауды, реакцияны, зейінді дамытуды және басқаларды) бағалау және жаттықтыру, өтілген материалды қайталау, бекіту қажеттіліктерін қанағаттандыратын тренажерлар; - цифрлық білім беру ортасының оқу материалын игеру деңгейін бақылау, өлшеу немесе өзін-өзі бақылау қажеттіліктерін қанағаттандыратын бақылаушы құрамдастар; - цифрлық білім беру ортасының зерделенетін объектілерді, құбылыстарды, процестерді оларды зерттеу және материалды зерделеу мақсатында көрнекілендіру қажеттіліктерін қанағаттандыратын демонстрациялық құрамдастар; - цифрлық білім беру ортасының объектілердің құрылымдық немесе функционалдық сипаттамаларын зерделеу үшін шындықтың белгілі бір аспектілерін ұсыну қажеттіліктерін қанағаттандыратын имитациялық құрамдастар; - цифрлық білім беру ортасының виртуалды эксперименттер жүргізу қажеттіліктерін қанағаттандыратын виртуалды зертханалар; - цифрлық білім беру ортасының объектілерді, құбылыстарды, процестерді оларды зерттеу және зерделеу мақсатында модельдеу қажеттіліктерін қанағаттандыратын модельдеуші құрамдастар; - цифрлық білім беру ортасының оқыту ойын жағдаяттарын құру қажеттіліктерін қанағаттандыратын, мультимедиялық әсерлерді (анимация, дыбыс) пайдаланатын оқу-ойын құрамдастары. Цифрлық контент әртүрлі формаларда көрінетін элементтерден тұруы тиіс,

	мысалы: - анимациялық роликтер — 2D/3D-графиканы пайдалана отырып жасалған, белгілі бір тақырыпқа арналған шағын әңгімелерді білдіретін, негізгі кейіпкерлері ойдан шығарылған сызылған персонаждар болатын қысқа бейнероликтер; - реалистік визуалды қатар: экспонаттардың, пәндік сала объектілерінің фотосуреттері, ғалымдардың портреттері және т.б.; - пәндік саланың процестері мен құбылыстарының, тәжірибелерді көрсетудің, бейнеэкскурсиялардың және т.б. бейнефрагменттері; - синтезделген визуалды қатар: екі немесе үш өлшемді статикалық және динамикалық модельдер, қиялдағы элементтерді, объектілерді, жасырын құрылымдарды, процестерді, пәндік сала құбылыстарын, мысалы, макро- және микроәлемде, өте қысқа немесе өте үлкен уақыт аралықтарында ұсыну; - виртуалды шындық және интерактивті модельдеу объектілері; - дыбыстық қатар: оқу материалының дауыстандырылған мәтіндері, әртүрлі сөйлеулердің, музыкалық шығармалардың, тірі және өлі табиғат дыбыстарының жазбалары және т.б., сондай-ақ синхрондалған аудио- және бейнеобъектілер; - таңбалық объектілер және іскерлік графика: схемалар, диаграммалар, карталар, түсіндірме мәтіндер, формулалар, тақырыптар және т.б.; - мәтіндік құжаттар: көркем шығармалардың, ғылыми жұмыстардың, тарихи құжаттардың мәтіндері. Практикалық және тестілік тапсырмалар оқушылардың жетістіктерін әртүрлі түрдегі тестілер көмегімен тексеруді жүзеге асыруға мүмкіндік беруі тиіс. Тексеру тапсырмалары тестілердің келесі түрлерін қамтуы тиіс: - көптеген нұсқалардың ішінен бір дұрыс жауапты таңдау; - көптеген нұсқалардың ішінен бірнеше дұрыс жауапты таңдау; - нұсқаларды жүйенің графикалық интерфейсінде интерактивті сүйреу және қосу арқылы, ұсынылған нұсқалардың жұбын құруды білдіретін сәйкестендіру; - арнайы белгіленген өріске дұрыс жауапты енгізу; - ұсынылған нұсқалардың ішінен дұрыс жауапты таңдау және нұсқаны арнайы белгіленген өріске интерактивті сүйреу; - нұсқалары бар ашылатын тізімнен дұрыс жауапты таңдау; - тәртіпті белгілеу; - пайымдаудың ақиқаттығын/жалғандығын анықтау; - жауап нұсқаларын санаттар бойынша бөлу; - мәтіндегі сөзді белгілеу; Платформа қамтуы тиіс цифрлық оқу материалдары: - анимациялық роликтер; - графикалық контент (схемалар, диаграммалар, кестелер, инфографика, иллюстрациялар); - мәтіндік контент; - интерактивті тапсырмалар; - виртуалды тренажерлар (симуляторлар). Интерактивті тапсырмалардың механикалары 1) Тест (Көп таңдау және бір таңдау) 2) Топтар бойынша сұрыптау (Элементтерді тиісті санаттарға сүйреу) 3) Сәйкестендіру (Элементтер жұбын қосу (мәтін, бейне)) 4) Наративті слайд (Мәтін, медиа, презентациялар, интеграциялар контентін көрсетуге, кез келген бөгде кодты iframe-ге ендіруге, figma презентацияларына, google кестелері мен құжаттарына арналған слайд) 5) Реттілік (Элементтерді дұрыс логикалық реттілікте орналастыру) 6) Ашылатын тізім (Мәтіндегі ашылатын тізімнен дұрыс нұсқаны таңдау) 7) Иә/Жоқ (Екі нұсқадан таңдаудың қарапайым механикасы) 8) Инпут (Мәтіндік өріске жауапты енгізу) Цифрлық контентке қойылатын сандық

	талаптар Қызмет пәндер бойынша кемінде 500 интерактивті сабағы бар Платформаны қамтиды: - математика (5, 6 сынып), алгебра (7, 8 және 9 сынып) және геометрия (7, 8, 9 сынып) – кемінде 100 интерактивті сабақ; - химия (7, 8, 9 сынып) – кемінде 50 интерактивті сабақ; - физика (7, 8, 9 сынып) – кемінде 100 интерактивті сабақ; - биология (7, 8, 9 сынып) – кемінде 100 интерактивті сабақ; - ағылшын тілі (2, 3, 5 сынып) – кемінде 100 интерактивті сабақ; - география (7, 8 сынып) – кемінде 30 интерактивті сабақ; - қазақ тілі (5, 6, 7, 8, 9 сынып) – кемінде 20 интерактивті сабақ. Пәндер бойынша кемінде 50 виртуалды тренажер (симулятор): - математика; - химия; - физика. 3.4. Платформаның пайдалану сипаттамалары Платформа техникалық қамтылуы келесі талаптарға сәйкес келетін пайдаланушылардың тұрақты жұмысына кепілдік беруі тиіс: байланыс желілері арнасының өткізу қабілетінің ең төменгі рұқсат етілген және жеткілікті мәні (Білім беру мекемесі <–> Интернет) 10 МБит/с (пайдаланушыға). Пайдаланушылар үшін жабдыққа қойылатын талаптар: - орнатылған операциялық жүйесі, орнатылған және теңшелген желілік карталардың, бейне- және аудиоқұрамдастардың драйверлері бар, Интернет желісіне қосылған және келесі веб-браузерлердің біреуі бар компьютер (2,13 ГГц және одан жоғары класты процессор, кемінде 2 Гб жедел жады): Google Chrome 70 және одан жоғары; Yandex Browser 18 және одан жоғары; Opera 56 және одан жоғары; - компьютермен біртұтас кешенде пайдаланушының компьютеріндегі операциялық жүйемен штаттық жұмыс жасайтын стандартты енгізу құрылғылары (пернетақта және компьютерлік тінтуір) болады; - экранның ең төменгі рұқсат етілген ажыратымдылығы: 1200×600 px; - компьютердегі операциялық жүйемен штаттық жұмыс жасайтын дыбысты ойнату құрылғысы (құлаққап немесе колонкалар). 3.5. Платформа пайдаланушыларын қолдауға қойылатын талаптар Қызмет кешенді жобаны іске асыру бойынша қызмет көрсету басталғанға дейін Тапсырыс берушіге интерактивті контентті жекелендірілген оқыту платформасына сынама қол жеткізуді ұсынуды қамтиды. Қызмет педагогтерді Платформаны пайдаланудың техникалық және әдістемелік аспектілері бойынша оқытуды қамтиды. Қызмет педагогтер мен оқушыларды техникалық және әдістемелік сүйемелдеуді қамтиды, оның ішінде: - пайдаланушыларды тіркеу: мектеп әкімшісін (қажет болған жағдайда – педагогтерді және (немесе) оқушыларды); - мектеп әкімшілерімен чаттарды қолдау; - әдістемелік сүйемелдеу – сұрау бойынша педагогтерге консультациялар; - Платформадағы негізгі әрекеттер, педагогтерді білім беру процесінде цифрлық контентті пайдалану мүмкіндіктерімен таныстыру бойынша мектеп педагогтерімен күндізгі және онлайн кездесулер. - Платформа сервистеріне қол жеткізуді ұсыну үздіксіз тәулік бойы режимде (24×7) қамтамасыз етіледі. Орындаушының бағдарламалық құралдарының жарамсыздығына байланысты қызмет көрсетудегі бос тұру үзілістері айына 12 сағаттан аспайды. Бағдарламалық жасақтаманы (БЖ) профилактикалау және жоспарлы ауыстыруға байланысты қызмет көрсетудегі бос тұру үзілістері

	айына 12 сағаттан аспайды. Жоспарланған жұмыстардың өткізілу уақыты мен ұзақтығы Тапсырыс берушімен келісіледі. Жоспарланған жұмыстарды жұмыс уақытында (дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 9:00-ден 18:00-ге дейін) өткізуге тыйым салынады. 4. «БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ» БАҒЫТЫ БОЙЫНША КҮНДІЗГІ ОҚЫТУ Тапсырыс беруші білім берудегі жасанды интеллект технологияларын практикада қолдану бойынша бір күндік күндізгі оқытуға білім беру ұйымының кемінде 2 (екі) өкілін жібереді. Оқыту кәсіби және педагогикалық қызметте жасанды интеллекттің заманауи құралдарын пайдаланудың практикалық дағдыларын қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Оқыту бағдарламасы келесі негізгі бағыттарды қамтуы тиіс: - AI-сауаттылық – жасанды интеллекттің, генеративті ЖИ-дің және үлкен тілдік модельдердің негізгі ұғымдары мен жұмыс принциптері; - педагогикалық қызметтегі ЖИ – сабақтарды дайындау және өткізу, оқу және әдістемелік материалдарды әзірлеу кезінде ЖИ-ді қолдану; - Prompt Engineering – ЖИ-ге міндеттер қою және тиімді сұраулар қалыптастырудың негізгі принциптері; - ЖИ көмегімен оқытуды жекелендіру және дифференциациялау – оқушылардың дайындық деңгейін және білім беру қажеттіліктерін ескере отырып материалдар құру; - бағалау және кері байланыс үшін ЖИ – өлшемдерді, дескрипторларды, тексеру тапсырмаларын әзірлеу, нәтижелерді талдау және кері байланысты қалыптастыру; - Vibe Coding – терең бағдарламалау дағдыларының қажеттілігінсіз ЖИ пайдалана отырып қарапайым цифрлық шешімдер, прототиптер және білім беру құралдарын құру; - ЖИ-агенттері және автоматтандыру – қайталанатын педагогикалық және әкімшілік міндеттерді автоматтандыру үшін ЖИ-ді қолдану; - ЖИ пайдалана отырып деректермен және аналитикамен жұмыс – оқу нәтижелерін, құжаттарды, кестелерді және өзге де білім беру ақпаратын талдау; - ЖИ көмегімен білім беру контентін құру – мәтіндерді, презентацияларды, визуалды материалдарды, тапсырмаларды және басқа цифрлық ресурстарды дайындау; - ЖИ-ді жауапты және қауіпсіз пайдалану – деректердің құпиялылығы, академиялық адалдық, авторлық құқық, ақпараттың шынайылығын тексеру және ЖИ пайдалану қауіптері; - білім беру ұйымдары қызметкерлерінің нақты кәсіби міндеттерін шешу үшін ЖИ-құралдарын практикада қолдану. Оқыту қатысушылардың жасанды интеллект құралдарымен практикалық жұмысын, практикалық тапсырмаларды орындауды және оларды білім беру процесінде қолдану мысалдарын талдауды көздеуі тиіс. 5. ЕСЕПТІЛІК 5.1. Есептілікке қойылатын талаптар. Көрсетілген Қызметтер (қызметтің бөлігі немесе кезеңі, жеке модуль немесе бағыт) туралы есептер Тапсырыс берушіге электрондық форматта ұсынылады және мемлекеттік сатып алудың веб-порталында көрсетілген қызметтер актісіне қоса тіркеледі. 5.2. Ұсыну форматы: − Есептер электрондық PDF форматында ұсынылады және мемлекеттік сатып алудың веб-порталында қалыптастырылатын көрсетілген қызметтер актісіне қоса тіркеледі. − Есептік ақпарат қоса берілген көрсетілген қызметтер актісі Тапсырыс берушіге қызметті, оның бөлігін немесе жеке модульді көрсету аяқталған

	сәттен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірілмей ұсынылады. 5.3. Есепті жасауға қойылатын талаптар: − Есептер MS Word («Times New Roman» қаріпі, өлшемі 14) және MS Excel («Times New Roman» қаріпі, өлшемі 12) форматында жасалады және Тапсырыс берушіге ұсыну үшін кейіннен PDF-ке түрлендіріледі. − Есептердің мәтіні мұқият тексерілуі, өңделуі және грамматикалық, стилистикалық немесе мағыналық қателерді қамтымауы тиіс. − Барлық қысқартулар мен шартты белгілер бірінші рет айтылған кезде түсіндірмесі болуы тиіс. − Есептер түрлітүсті форматта жасалған кестелерді, графиктерді және диаграммаларды қамтуы тиіс. 5.4. Есептің мазмұны: − Қызметті, қызметтің бөлігін немесе жеке модульді іске асыру барысы туралы толық ақпарат. − Көрсетілген қызметтердің тиімділігін талдау, оның ішінде қажет болған жағдайда сауалнама нәтижелері, оқушылардың платформада тапсырмаларды орындау көрсеткіштері, педагогтердің қорытынды аттестаттаудан өту нәтижелері, өзге де негізгі метрикалар. − Тапсырыс берушінің және Орындаушының негізгі байланыс тұлғаларының Т.А.Ә., лауазымдарын, байланыс телефондарын және электрондық пошта мекенжайларын көрсету. 5.5 Орналастыру тәртібі: − Есептер мемлекеттік сатып алудың веб-порталында көрсетілген қызметтер актілеріне құжаттама құрамында қоса тіркеледі. − Көрсетілген қызметтер актісін қалыптастыру және беру мемлекеттік сатып алудың веб-порталында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.
Әлеуетті өнім берушіге оның жеңімпазы анықталған және онымен Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған жағдайда қойылатын талаптар (қажет болған кезде көрсетіледі) (әлеуетті өнім берушіні көрсетілген мәліметтерді көрсетпегені және ұсынбағаны үшін қабылдамауға жол берілмейді)	

Приложение 16
к конкурсной документации

Техническая спецификация закупаемых услуг (заполняется заказчиком)

Наименование заказчика	Коммунальное государственное учреждение "Отдел образования Таласского района управления образования акимата Жамбылской области"
Наименование организатора	Коммунальное государственное учреждение "Отдел образования Таласского района управления образования акимата Жамбылской области"
№ конкурса:	№ 17894298-1
Наименование конкурса:	Услуги по обучению персонала/сотрудников/
Номер лота:	№ 87948925-ОК2
Наименование лота:	Услуги по обучению персонала/сотрудников
Наименование кода Единого номенклатурного справочника товаров, работ, услуг:	841311.000.000001
Наименование услуги:	Услуги по обучению персонала/сотрудников
Единица измерения:	Одна услуга
Количество (объем):	1
Цена за единицу, без учета налога на добавленную стоимость:	17300000
Общая сумма, выделенная для закупки, без учета налога на добавленную стоимость:	17300000
Срок оказания услуги:	по договору
Размер авансового платежа* *:	0 %
Гарантийный срок (в месяцах)	12

Описание требуемых характеристик, параметров и иных исходных данных	Техническая спецификация на услуги повышения квалификации педагогов в области цифровых компетенций и функциональной грамотности с предоставлением интерактивной платформы и тренажеров по развитию функциональной грамотности 1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ 1.1 Описание проекта 1. Комплексный проект реализуется для изменения практики преподавания и повышения качества образования путем содействия созданию мотивирующей образовательной среды для самореализации каждого педагога и обучающегося. 2. Проведение обучения педагогов должно обеспечить техническую и методическую готовность изменить практику преподавания с применением платформы персонализированного обучения. 3. Подключение к платформе персонализированного обучения с интерактивным контентом, включающим интерактивные уроки с разными видами цифрового контента (анимационные ролики, симуляторы, интерактивные задания, на двух языках (казахском, русском) по математике, алгебре, геометрии, физике, химии, биологии, английскому языку, географии, казахскому языку), тренажеров по развитию функциональной грамотности. 4. Платформа персонализированного обучения должна включать следующие обязательные компоненты: тренажер ЕНТ нового формата (Admission Insight Test) или тренажер с аналогичным функционалом; тренажер по оценке ИИ- и медиаграмотности обучающихся, разработанный по методологии международного исследования PISA (ОЭСР); тренажер по мониторингу образовательных достижений обучающихся (МОДО); диагностические тесты по оценке знаний педагогов (ОЗП); ИИпомощник учителя для автоматической генерации КСП, СОР, СОЧ, тестов и презентаций; цифровые образовательные ресурсы (ЦОР) - интерактивные уроки по предметам; тренажер по развитию функциональной грамотности; серию уроков по ИИ-грамотности; курсы повышения квалификации педагогов. 5. Доступ ко всем компонентам Платформы предоставляется всем организациям среднего образования Таласского района, всем педагогам и обучающимся этих организаций на срок 12 (двенадцать) месяцев со дня заключения договора. 6. Бенефициарами проекта являются руководители, педагоги общеобразовательных школ Таласского района. 7. Исполнитель при реализации комплексного проекта руководствуется целями и задачами, поставленными в Концепции развития дошкольного, среднего, технического и профессионального образования Республики Казахстан на 2023– 2029 годы, утвержденной Постановлением Правительства Республики Казахстан от 28 марта 2023 года № 249, пилотном национальном проекте в области образования “Комфортная школа”, утвержденном Постановлением Правительства Республики Казахстан от 30 ноября 2022 года № 963, «Единой программы воспитания» в организациях образования, за исключением высших учебных заведений, утвержденной приказом Министра просвещения Республики Казахстан от 19 сентября 2023 года № 294, и интегрирует направления развития согласно проекту Национального доклада «Качественное образование, доступное каждому». 1.2 Цель и задачи проекта Цель проекта: развитие профессиональных компетенций

	педагогических коллективов организаций среднего образования для создания новой мотивирующей образовательной среды и повышения качества образования. Задачи проекта: - содействие в проектировании нового образовательного опыта для повышения качества образования; - стимулирование изменения практики преподавания за счет развития профессиональных компетенций педагогов и внедрения платформ персонализированного обучения с интерактивным анимационным контентом и тренажерами развития и оценки функциональной грамотности; - повышение качества образования и развитие функциональной грамотности учащихся; - укрепление позиций в международных сравнительных исследованиях PISA, где ключевую роль играет профессиональный уровень педагогов и их компетенции. 1.3 Основные требования к Исполнителю/Услуге - Услуга включает подключение всех организаций среднего образования района к платформе персонализированного обучения с интерактивным контентом. - Услуга включает предоставление доступа ко всем компонентам Платформы всем организациям среднего образования, педагогам и обучающимся района на срок 12 (двенадцать) месяцев со дня заключения договора. - Услуга включает предоставление интерактивного цифрового образовательного контента (ЦОР), тренажеров по развитию функциональной грамотности, МОДО, ЕНТ нового формата, ИИ- и медиаграмотности, диагностических тестов ОЗП, ИИ-помощника учителя и серии уроков по ИИ-грамотности в объеме, установленном настоящей технической спецификацией. - Услуга включает предоставление Заказчику пробного доступа к Платформе до начала оказания услуг. - Услуга включает методическое и техническое сопровождение пользователей Платформы в течение всего срока ее действия: регистрацию пользователей, консультации по запросу, инструктажи и обучающие сессии (онлайн и очные) по функциональным возможностям Платформы и использованию цифрового контента в учебном процессе. Перечень и график сопровождающих мероприятий согласовываются с Заказчиком. - Услуга включает предоставление отделу (управлению) образования регулярной аналитики по уровню учебных достижений обучающихся и уровню профессиональных компетенций педагогов в разрезе организаций образования, предметов и классов. - Услуга включает направление педагогических работников организаций района на однодневный очный образовательный фестиваль по вопросам применения технологий искусственного интеллекта в образовании образования в соответствии с требованиями настоящей технической спецификации. 1.4 Место оказания услуг Место оказания услуг: Жамбылская область, Таласский район. 1.5 Срок действия платформы: 12 месяцев со дня заключения договора 2. ПОВЫШЕНИЕ КВАЛИФИКАЦИИ ПЕДАГОГОВ 2.1 Услуга включает организацию и проведение курсов повышения квалификации педагогических работников по утвержденным образовательным программам, направленным на развитие цифровых компетенций и функциональной грамотности, в дистанционном и очном форматах с применением обучающей платформы и цифрового образовательного контента. Обучение проводится

